

• ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

31 мамыр күні талайлардың басына қаралы күн туғызған Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің Долинка елді мекеніндегі бас әкімшілік кеңсесі мұражайға айналдырылып, есігі айқара ашылды. Жиынға қатысушылар Спасск мемориалды кешенінде болып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандар рухына тағзым етіп, еске алды.

Бұл күн, ең алдымен, қызыл үкіметтің «шаш ал десе, бас алатын» жауыз жендеттері аяусыз қырған Алаш ардақтыларын еске алып, аза тұтатын күн. Бабалардың рухына тағзым етіп, аруағына құран бағыштау - парыз. Өткен ғасыр тарихын еске алар болсақ, Алаштың арайлы таңы атуы үшін алғашқы ағартушылық дәуірін бастап берген арыстарымыз «халық жауы» атанып, жазықсыз жапа шегіп, атылып кетті. Қазақтың сүт бетіне шыққан қаймақтары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов сынды көптеген аймаңдай ұлдарынан мәңгілікке көз жазып қалды. Арқа жері қанға бөгіп, қара түнекті түрмеге - ҚарЛаг-қа айналды.

Қанды оқиғаларды жүзеге асырған ҚарЛаг-тың бас әкімшілік кеңсесі Долинка елді мекенінде орналасқан. Екі қабатты ғимарат жертелесімен бірге 1933-1935 жылдары саяси тұтқындар күшімен салынған. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарды еске алып, ұрпақ жадына сіңіру мақсатында 2002 жылы ел Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасымен бұрынғы ҚарЛаг басқармасының ауруханасы мұражайға айналдырылған болатын. 2008 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасына ен-



ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ҚҰРБАНДАРЫНА - ТАҒЗЫМ

ген ҚарЛаг басқармасының бас әкімшілік ғимаратында да реставрациялық жұмыстар басталып, 2009 жылы «Жол картасы» игілігімен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мұражай экспонаттары осында көшірілген. Енді, міне, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында, ҚарЛаг-тың құрылу тарихынан бастап Тәуелсіз Қазақстанның бүгінге дейінгі тарихын қамтитын мәліметтерге толы қазыналы мұражайдың есігі салтанатты түрде ашылды.

Шара барысында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевтың кіріспе сөзі кез кел-

ген қазақтың жанын кіргізіп, жігерін жанығандай.

- Қазақ халқында «өлі разы болмай, тірі байымайды» деген аталы сөз бар. Ұлағатты сөзді жастайымыздан санамызға сіңіріп өскен үлкеніміз де, кішіміз де Қарағанды облысына қарасты Долинка жерінде орналасқан азалы да қасіретті жерде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған аймаңдай арыстарымыздың рухына тағзым ету мақсатында жиналып отырмыз. Өткен ғасырдың бірінші жартысында орын алған қызыл террор өзінің нәтижесі жағынан, адамдарға көрсеткен зорлық-зобалаңы жағынан ерекше қасіретке толы. Тек бір

ғана мысал, біздің елімізде сол жылдары 100 мыңнан астам адам жазықсыз айдалып, жапа шеккен. Оның ішінде 25 мыңнан астамы өмірмен мәңгіге қоштасқан. Сол құрбандардың арасында қазақ халқының бетке ұстар азаматтары, ұлттың қаймақтары, елдің мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық сананы, елдік сананы жадына тоқыған арыстарымыз да бар болатын. Бұл жөнінде аз айтылып жүрген жоқ, дегенмен, нәубет жылдардың қасіретін ұрпақ санасына қолдан келгенше сіңіруіміз керек.

(Жалғасы 2-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).


Бүгін ашылғалы отырған мұражай - сол азаматтардың рухына тағзым. Сол бабаларымыздың алдындағы перзенттік борышымызды өтеуге жасаған талпынысымыз деп біліңіздер,- деді ол.

- Тәуелсіздіктен асқан құдіретті сөз жоқ шығар,- деді кезекті сөз алған Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов, - Тәуелсіздік бір айда, бір сәтте келген жоқ. Бабаларымыздың, аталарымыздың қанымен келді. Жыл сайын 31 мамыр күні қазақ жерінде жаңбыр жауып, күн райы түнеріп тұрады. Бүгін де ауа райы осындай болып тұр. Бұл сол кісілердің жасы болар. Елдің елдігі үшін, егемендігі үшін жан алысып, жан беріскен ата-бабаларымыздың рухына тағзым ету - ұрпақтардың қасиетті борышы.

Қаралы митингіде Қазақстан Республикасының мәдениет вице-министрі Ғазиз Телебаев, шетелдік делегаттарды бастап келген Чешен республикасы Парламентінің өкілі Джухаха Абдурахманов, қазақтың сұңқар ақыны, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің ұрпағы Рымжан Сейфуллина сөз алып, тарих қатпарынан сыр шертер орынды пікірлер айтып, жиналғандарды қалың ойға қалдырды. Белгілі тарихшы М.Қойгелдин мұражайдың қорына қазақ тарихына қатысты жарыққа шыққан «Қызыл террор», «Қуғын-сүргінді Қазақстан» атты толымды еңбектерді және өзінің «Алаш қозғалысы» атты кітабын сыйға тартты.

- Қанды революциялар, азаматтық соғыс, Алашорданың қасіреті, ұжымдастыру, ашаршылық және репрессиялар қазақ тарихындағы қаралы парақтар болып қала береді. Өткен ғасырдағы саяси қуғын-сүргіннің қасіретті оқиғасы мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суалған тарихымыздың шерлі беттері деуге болады. Естеріңізде болса, 1989 жылы республикалық екі газетте партия тарихшыларының үлкен мақалалары жарық көрді. Онда Голощекиннің қасақана ұйымдастырған ашаршылығы кезінде құрбан болған адамдар саны бұрмаланып, екі есеге азайтып көрсеткен. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі деректер, бұл цифрларды жоққа шығарды. Осындай қаріретті ел болашағы - жастардың санасына құя беру керек, құя беру керек,- деді белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдин.

Азалы күндердің қасіреті жайында тарих беттерінен жақсы білеміз. Бірақ тарихта болған қасақана оқиғалардың орнын көзбен көру, сезіну, түйсіну одан да өткен



ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР

ҚҰРБАНДАРЫНА - ТАҒЗЫМ



азап екен. Аты шулы Қарлағ-тың «бас әкімшілік кеңсесіне» енгенімізде адам жаны түршігерлік жағдаяттарға қанықтық. Тергеу изоляторы, жазалау бөлмесі, депортация кезінде өз елінен қуылған жазықсыз жандардың сұлбасы, дарға асу тақтасы бәрі-бәрі өткен ғасырдың басында орын алған азалы да қасіретті жылдарды көз алдына әкеледі. Аумағы 3326 шаршы метрді қамтитын мұражай үйінде 15-ке жуық экспозициялық зал жабдықталып, ашылған.

Мұражайдағы қасіретті көріністерді көруге Ресей, Израиль, Жапония, Венгрия, Польша, Румыния, Финляндия, Армения, Литва, Оңтүстік Корея, Италия, Германия, Франция, Грузия, Қырғызстан,

Украинадан ағылған халықтың қарасына сан жетпейді. Бұлардың барлығы - сайқал саясаттың ықпалымен қазақ жеріне аударылған түрлі ұлт өкілдерінің ұрпақтары. Бабаларының рухына тағзым етуге келген.

Митингіден соң, дипломатиялық мақсатта келген өкілдер мен жиналғандар Қарағандыдан 40 шақырым жердегі Спасск мемориалды кешеніне барып, құрбан болғандар рухына тағзым етіп, ескерткіштерге гүл шоқтарын қойды. Бұдан соң, ислам және христиан дінінің өкілдері құрбан болғандардың рухына дұға бағыштады.

Бұл мұражай Қазақстан халқы

ассамблеясының «Болашақ үшін зерде: Алжир-ҚарЛаг» атты халықаралық жоба аясында ашылды. Митингіге жиналғандарға ел Президентінің үндеуі оқылды.

Дәл осы күні, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай өткен шараға белгілі саясаткерлер, оқымысты-публицистер, жоғары оқу орындарының оқытушылары шақырылды.

Ақмарал АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.

Суреттерді түсірген
Ж.ИМАНӘЛІҰЛЫ, Л.ГАЛИМОВ.

